


<p>СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТИ</p> 	<p>«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</p>	
<p>3-деңгейдегі СМЖ құжаты</p>	<p>2024 жылғы «_01_»_08_ № 2 редакция</p>	<p>Е. 029-04-01-05.1.01 – 2024</p>

**«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕСІ**

Е. 029-04-01-05.1.01 – 2024

Алматы 2024

АЛҒЫСӨЗ

1 Тіркеу кеңсесінің Мансап орталығында ӘЗІРЛЕНДІ

Мансап орталығының бастығы
«22» 07 2024 ж.

 А.Бекишева

2 КЕЛІСІЛДІ

Басқарма мүшесі - академиялық
мәселелер жөніндегі проректор
«31» 07 2024 ж.



 Р.Ускенбаева

Қаржы және есеп департаментінің
директоры - бас есепші
«30» 07 2024 ж.

 Г.Тоқжігітова

Тіркеу кеңсесінің директоры
«29» 07 2024 ж.

 Н.Қызылбаев

Оқу процесін жоспарлау және
ұйымдастыру бөлімінің бастығы
«27» 07 2024 ж.

 Э.Уразбаева

Заңгерлік қамтамасыз ету және
мемлекеттік сатып алу бөлімінің
бастығы міндетін атқарушы
«26» 07 2024 ж.

 Т.Әбукенов

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы
«25» 07 2024 ж.

 А.Сауранбаева

Құжаттамалық қамтамасыз ету және
мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің
бастығы
«24» 07 2024 ж.

 Ж.Орақбаева

3 Басқарманың 2024 жылғы «01» 08 №9 шешімімен БЕКІТІЛДІ

4 Қайта ЕНГІЗІЛДІ

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ережелер.....	4
2 Нормативтік сілтемелер.....	4
3 Белгілер мен қысқартулар	5
4 Дуальды оқыту жүйесінің мақсаты мен негізгі міндеттері	5
5 Дуальды оқыту жүйесін қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыру	6
6 Өзгерістер.....	9
Қосымшалар.....	Ошибка! Закладка не определена.
Өзгерістерді тіркеу парағы.....	13

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ-да дуальды оқыту жүйесі туралы» ереже (бұдан әрі – «Ереже») дуальды оқыту элементтерімен «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ-да (бұдан әрі – «ҚазҰТЗУ») білім беру процесін ұйымдастырудың мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, шарттары мен тәртібін айқындайды.

1.2 Дуальды оқыту жүйесі (бұдан әрі – «ДОЖ») – бұл оқытудың теориялық даярлау бөлігі білім беру ұйымы базасында, ал практикалық бөлігі өндірісте өтетін оқыту түрі. Осыған сәйкес университетте ДОЖ енгізу кәсіпорынның (ұйымның) және университеттің тең жауапкершілігі кезінде жұмыс орындарын ұсына отырып, кәсіпорында (ұйымда) өндірістік оқытудың міндетті кезеңдерімен ЖОО-да оқытуды үйлестіретін кадрлар даярлау нысанын іске асыруға бағытталған.

1.3 ҚазҰТЗУ-да ДОЖ енгізу кадрларды даярлау деңгейін экономика салалары мен жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне жақындатуды, оқытудың өндіріспен байланысын нығайтуды, түлектерді табысты жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етуге арналған.

1.4 ДОЖ енгізу бойынша университет кафедраларының қызметін үйлестіруді Тіркеу кеңсесінің Мансап орталығы (бұдан әрі – МО) жүзеге асырады.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» ҚР Заңы;

2.2 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы;

2.3 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы;

2.4 «Біліктілікті арттыру мен қайта даярлаудың оқу орталықтарын өндірістік кәсіпорындар жанынан құруды және олардың ЖОО-лар мен колледждердің мамандар даярлауына қатысуын көздейтін дуальді білім беру жүйесінің жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 15 қазандағы №1093 қаулысы;

2.5 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

2.6 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 бұйрығы.

3 Белгілер мен қысқартулар

ҚазҰТЗУ	Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті;
ТК	Тіркеу кеңсесі;
СДД	Стратегиялық даму департаменті;
ОПЖжҰБ	Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімі;
МО	Мансап орталығы;
ҚжЕД	Қаржы және есеп департаменті;
БББ	Білім беру бағдарламасы;
ЖОЖ	Жұмыс оқу жоспары;
ДОЖ	Дуальды оқыту жүйесі.

4 Дуальды оқыту жүйесінің мақсаты мен негізгі міндеттері

4.1 ДОЖ мақсаты – кадрларды кәсіби даярлауды жетілдіру; кадрларды даярлау деңгейін жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне жақындату; оқытудың өндіріспен байланысын нығайту.

4.2. ДОЖ міндеттері:

4.2.1 еңбек нарығының қажеттіліктеріне, экономика салаларының, соның ішінде пандемия жағдайында даму серпіні мен перспективаларына сәйкес мамандар даярлау;

4.2.2 әлеуетті әріптестікті жетілдіру;

4.2.3 экономика салаларын индустриялық-инновациялық дамыту сұраныстарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын өзгерту және сапалы жаңарту;

4.2.4 кәсіпорында/ұйымда/мекемеде білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және оқу процесін ұйымдастыруға әлеуетті серіктестердің қатысуын қамтамасыз ету, білім алушылардың сапасын бақылау және кәсіби дайындығын бағалау;

4.2.5 нақты өндірістік жағдайларда білім алушыларға кәсіби тәжірибе беру үшін жағдай жасау;

4.2.6 ҚазҰТЗУ түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу болып табылады.

5 Дуальды оқыту жүйесін қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыру

5.1 ДОЖ серіктес кәсіпорындардың/ұйымдардың ҚазҰТЗУ білім беру процесіне тікелей қатысуын болжайды.

Дуальды оқытуға қатысушылар:

- 1) меншік түріне қарамастан ЖЖОКБҰ;
- 2) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан кәсіпорындар (ұйымдар);
- 3) білім алушылар.

5.2 ДОЖ екі кезеңнен тұрады: теориялық және практикалық. Теориялық оқыту ҚазҰТЗУ аудиториялары мен зертханаларында, ал практикалық оқыту серіктес кәсіпорындардың/ұйымдардың жұмыс орындарында ұйымдастырылады.

5.3 Кәсіпорындар/ұйымдар серіктестер базасындағы ДОЖ оқу процесі ҚазҰТЗУ-да сабақтармен бірге ұйымдастырылады.

5.4 ДОЖ оқу процесін жоспарлау кредиттік оқыту технологиясына сәйкес жүзеге асырылады.

5.5 ҚазҰТЗУ оқу процесін ақпараттық көздермен: оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен және оқу пәндерінің әзірлемелерімен, білім алушылардың өздік жұмыстарымен, электронды оқулықтармен, желілік білім беру ресурстарына қолжетімділікпен толық қамтамасыз етеді. Серіктес компания/ұйым кәсіптік оқыту үшін жұмыс орындарын ұсынады.

5.6 ҚазҰТЗУ-да серіктес кәсіпорындардың/ұйымдардың тізімін жасайтын ДОЖ бірлесіп жүзеге асыру туралы келісімдер бар.

5.7 ДОЖ мазмұнының міндетті компоненттері оқытатын серіктес компаниямен/ұйыммен келісілгендер болып табылады:

5.7.1 дуальды оқыту туралы шарт (1-қосымша);

5.7.2 кәсіпорынмен (ұйыммен) келісілген дуальды оқытудың жұмыс оқу жоспары;

5.7.3 кәсіпорынмен (ұйыммен) келісілген дуальды оқыту бағдарламасы;

5.7.4 өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы іске асыру үшін жабдықталған кәсіпорындардағы (ұйымдардағы) оқу, жұмыс орындары;

5.7.5 кәсіпорындарда (ұйымдарда) өндірістік оқыту/кәсіптік практика тәлімгерлері, кәсіпорын қызметкерлерін ҚазҰТУ-да дәрістер оқуға немесе сабақтардың басқа түрлерін өткізуге тартқан жағдайда, төлем жекелеген шарттарға сәйкес нақты жұмыс істелген сағаттар саны үшін төленеді.

5.8 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру тәртібі:

5.8.1 дуальды оқыту дуальды оқыту туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады;

5.8.2 дуальды оқытуға іріктеу кәсіпорын (ұйым) өткізетін дуальды оқыту бойынша оқуға ниет білдірген білім алушылармен әңгімелесу нәтижелері бойынша жүргізіледі.

5.9 Оқу процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдеде № 2 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары мен білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген жұмыс оқу жоспарлары мен дуальды оқыту бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5.10 Дуальды оқытудың жұмыс оқу жоспарын (бұдан әрі – ДОЖОЖ) ЖЖОКБҰ дербес әзірлейді, ол дуальды оқытуды ұйымдастыру жүзеге асырылатын негізгі оқу құжаты болып табылады.

ДОЖОЖ-ға дуальды оқыту жүзеге асырылатын оқу пәндері немесе модульдер кіреді.

5.11 Дуальді оқыту ұйымдастырылатын оқу пәндерінің тізбесін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

5.12 Дуальды оқытуды ұйымдастыру ЖЖОКБҰ-да өткізілетін оқу сабақтары және базалық және бейіндік циклдердің оқу пәндері бойынша өндірісте өткізілетін сабақтар көрсетілетін оқу сабақтарының кестесі негізінде жүзеге асырылады.

5.13 ЖЖОКБҰ – дағы және өндірістегі оқу сабақтарының арақатынасын анықтау кезінде пәннің оқу материалының кемінде 40%-ы тікелей өндірісте (технологиялық процесс, шығармашылық қызмет процесі, қаржы-экономикалық процестер, психологиялық-педагогикалық процесс) игерілетіндігіне негізделеді.

5.14 Дуальды оқыту бағдарламасын ЖЖОКБҰ кәсіпорынның (ұйымның) өндірістік қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, силлабус (оқу пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы) негізінде дербес әзірлейді.

Дуальды оқыту бағдарламасында ЖЖОКБҰ-да және тікелей өндірісте игерілетін тақырыптар, мәселелер және материал көлемі көрсетіледі.

Дуальды оқыту бағдарламасы әрбір кәсіпорын (ұйым) үшін жеке әзірленеді.

5.15 Дуальды оқыту жүйесінің элементтерін енгізетін ЖЖОКБҰ кадрларды даярлау бейініне сәйкес келетін ұйым базасында теориялық оқытуды өндірістік оқытумен ұштастыру негізінде білім беру қызметін жоспарлауды және ұйымдастыруды жүзеге асырады.

5.16 Кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушыға Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес кәсіпорынның еңбек тәртібі қағидалары қолданылады.

5.17 Кәсіптік практикадан өту кезінде білім алушы белгілі бір еңбек міндеттерін орындайды, олар білім алушының еңбек өтіліне есептеледі.

Білім алушының еңбек қызметін растайтын құжат дуальды оқыту туралы шарт болып табылады.

5.18 Білім алушылар өндірістік оқыту және кәсіптік практикадан өту кезеңінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 927 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12534 болып тіркелген) Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, бекіту және қайта қарау қағидаларына сәйкес кәсіпорында белгіленген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды сақтайды.

5.19 Дуальды оқыту кезінде білім алушыларды аралық аттестаттауды дуальды оқытуға қатысатын кәсіпорын (ұйым) тәлімгерлері мен мамандарын тарта отырып ЖЖОКБҰ жүргізеді.

5.20 ДОЖ оқу процесін ұйымдастыру кезінде:

5.20.1 Мансап орталығы:

- серіктес кәсіпорынмен/ұйыммен белгіленген нысанда келісім-шарттар жасасу;

- ДОЖ іске асыру үшін нормативтік-құқықтық базаны дайындау және өзектендіру;

- ДОЖ бірлесіп іске асыру туралы шарттары бар серіктес кәсіпорындар/ұйымдар тізімін дайындау, жыл сайын өзектендіру және ҚазҰТЗУ сайтына орналастыру;

- ҚазҰТЗУ-да ДОЖ-ды іске асыру мәселелерін, бұйрықтар мен есептік құжаттамаларды уақтылы шығаруды үйлестіру;

- ҚазҰТЗУ-да ДОЖ іске асыру процесінің негізгі нормативтік-құқықтық құжаттамаға сәйкестік аудитін ұйымдастыру және жүргізу;

- қажет болған жағдайда ҚазҰТЗУ-дың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері мен жетекші оқытушыларын тарта отырып, жұмыс топтарын құру бойынша мәселелерді шешеді.

5.20.2 ҚазҰТЗУ институттары:

- серіктес кәсіпорынды/ұйымды анықтау және таңдау, онымен бірге ДОЖ енгізуді жоспарлау;

- дуальды оқыту енгізілетін пәннің атауын, БББ, білім алушылардың курсы, оқыту тілін, кәсіпорыннан бекітілген оқытушының аты-жөнін, оның лауазымын көрсете отырып, ДОЖ іске асыру туралы бұйрық шығару. ДОЖ енгізу туралы бұйрық академиялық кезең басталғанға дейін кемінде 10 (он) күн бұрын шығарылады, оның барысында ДОЖ жүзеге асырылады;

- ДОЖ, БББ, семестр, курс, оқыту тілі іске асырылатын пәнді көрсете отырып, қызметтік хатты ресімдеу-тиісті ақпаратты сабақ кестесіне енгізу үшін жүзеге асырылады. Қызметтік хатқа таңдалған мамандық бойынша кафедра меңгерушісі, институт директоры, ТК директоры, МО бастығы, Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор бұрыштама қояды;

- оқу процесін және білім алушыларды бағалау нәтижелерін қадағалау (эдвайзермен бірлесіп);

- Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор қол қойған қоса атқарушылық туралы бұйрықты Қаржы және есеп департаментіне төлем жүргізу үшін дайындау;

- ДОЖ енгізу қорытындылары бойынша есепті ресімдеу және институт директорымен келісу бойынша мәселелерді шешеді.

5.11.3 Кафедра меңгерушісі:

- ОПЖЖҰБ-мен келісілген ОЖЖ әзірлеуге жауап береді;

- ҚазҰТЗУ-дан кәсіби практика жетекшісін тағайындайды;

- білім алушыларды практика бағдарламасымен және материалдармен, өндірістік практика күнделіктерімен қамтамасыз етеді;

- оқытатын кәсіпорынмен бірлескен қызмет жоспарының үлгісін әзірлеуге жауап береді.

6 Өзгерістер

6.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу осы ереженің барлық қатысушыларының бірлескен келісімі бойынша ғана жүзеге асырылады және өзгерістер туралы хабарлама түрінде қол қойылып, құжатпен ресімделеді. Өзгерістер туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес ресімделеді және осы ереже орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ҚазҰТЗУ-дың құжатталған процедураның талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген ережеге өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды әзірлеуші бөлімше ғана жүргізеді. Ережеге өзгерістерді өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қоя отырып, МО енгізеді;

6.2 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін МО жауап береді;

6.3 Ереже тексеру кезеңділігін есепке алу парағындағы жазбаны міндетті түрде енгізе отырып, МО-да үш жылда кемінде бір рет қайта қаралады;

6.4 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін мыналар негіз болып табылады:

- заң күші бар нормативтік-құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

- Басқарма төрағасы - Ректордың бұйрықтары;

- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;

- құрылымдық бөлімшелерді қайта құру;

- заң жүзінде қамтамасыз ету бөлімінің келісімімен өзгерістер енгізу себептерін көрсете отырып, осы ережеге қатысушылардың қызметтік хаты;

6.5 Бөлімшенің атауы өзгерген кезде ереже ауыстырылуы тиіс;

6.6 Ауыстырылған жағдайда университеттегі күші жойылған ережелердің барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы тиіс;

6.7 Ескірген ережені ауыстыру және қолданыстан шығару үшін заң жүзінде қамтамасыз ету бөлімі мен МО жауапты болады;

6.8 Күші жойылған ережені күшін жою үшін негіздемесін, күнін, «Күші жойылды» деген жазбаны жасаған адамның қолын көрсете отырып, «Күші жойылды» деген жазумен белгілейді және мұрағатқа орналастырады. Мұрағаттық құжаттар жұмыс үшін пайдаланылмайды;

6.9 Ереже КДД-да сақталады, оның сақталуына КДД бастығы жауапты болады;

6.10 Ереженің ескерілген жұмыс даналарын таратуды КДД жүзеге асырады;

6.11 Бекітілген ережені сақтау үшін КДД жауапты болады.

1-қосымша

**ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

Алматы қ.

«__» _____ 202__ ж.

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, бұдан әрі – «Университет» деп аталып, 2024 жылғы 13 наурыздағы № 19 сенімхат негізінде әрекет ететін Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор Р.К.Ускенбаева тұлғасында бір жағынан және _____, _____ негізінде әрекет ететін, бұдан әрі – «Кәсіпорын» деп аталатын _____ екінші жақтан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар бірлесе отырып, төмендегідей Дуальды оқыту жүйесін іске асыру бойынша ынтымақтастық туралы келісімді (бұдан әрі – «Келісім») жасасты:

1. Келісімнің мақсаттары мен мәні

1.1. Осы Келісімнің мақсаты – білім беру бакалавры және/немесе магистрі біліктілігін игеру бойынша МЖМББС-ға сәйкес білім алушылардың жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеруіне, сондай-ақ олардың таңдаған мамандығы бойынша практикалық жұмыс дағдыларын меңгеруіне бағытталған Кәсіпорынан білім алушыларға қатысты дуальды оқытуды бірлесіп ұйымдастыру және жүзеге асыру арқылы ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

1.2. Осы Келісімде Тараптар өздерінің өзара қарым-қатынастарында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 15 қазандағы №1093 «Біліктілікті арттыру мен қайта даярлаудың оқу орталықтарын өндірістік кәсіпорындар жанынан құруды және олардың ЖОО-лар мен колледждердің мамандар даярлауына қатысуын көздейтін дуальды білім беру жүйесінің жол картасын бекіту туралы» қаулысын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа алады.

2. Ынтымақтастық принциптері

2.1. Осы Келісім Тараптарының әрқайсысы өз қызметінде серіктестік принциптерін басшылыққа алуға және екінші Тараптың мүдделеріне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерден бас тартуға міндеттенеді.

2.2. Тараптардың келісімі бойынша Университет кәсіпорын базасында оқытуды өткізу мерзімдерін көрсете отырып, дуальді оқыту бағдарламасын жасауға, кәсіпорын базасында дуальды оқыту кезеңінде білім алушылар қызметінің негізгі бағыттарын анықтауға; күнтізбелік кестелер мен білім беру бағдарламаларын әзірлеуге құқылы.

2.3. Тараптар осы Келісім шеңберінде білім алушылардың әр тобына әдіскерлерді/кураторларды (эдвайзерлерді) бекітеді.

2.4. Университет осы Келісім шеңберінде білім беру қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес оқу-әдістемелік әдебиеттер мен материалдарды ұсынады; оқу, педагогикалық және өндірістік практикаға жіберілген білім алушылардың алдын ала кәсіби дайындығын көрсетеді; Кәсіпорын жұмыскерлеріне – білім алушылардың тәлімгерлеріне, дуальды оқыту жоспарын орындауға дер кезінде әдістемелік көмек көрсетеді.

2.5. Кәсіпорын осы Келісім шеңберінде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалар өткізеді, білім алушыларды оқу бағдарламаларына сәйкес келетін жұмыстарға тартады; өндірістік оқыту мен кәсіптік практика тәлімгерлерін тағайындайды; дуальды оқытудан өту кезеңінде білім алушыларға арнайы киім (қажет болған жағдайда), оқыту құралдарын, қолданыстағы нормативтер бойынша шығыс материалдарын, заңмен қорғалатын құпиядан тұратын ақпаратты қоспағанда, практикалық материалдар мен процестерге қолжетімділікті ұсынады.

2.6. Тараптар еңбек тәртібін бұзған жағдайда (ескерту, оқудан шеттету, оқудан шығару) білім алушыларға оқу кезінде тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

2.7. Тараптар жеке шаруашылық келісім-шарттар негізінде бірлескен қызмет жүргізуге құқылы.

3. Құпиялылық

3.1. Тараптардың қаржылық, білім беру немесе коммерциялық жағдайына қатысты кез келген ақпарат, сондай-ақ Келісімді орындау барысында жасалған ақпарат пен құжаттама немесе Тараптар құпия деп тікелей атаған басқа да ақпарат құпия болып есептеледі. Тараптардың қызметтік хат-хабарларында Тараптардың бірі құпия ретінде айқындаған ақпараты бар құжаттар «Құпия» деген белгімен белгіленеді. Құпия ақпаратты жариялауға тыйым салу осы Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде және оның қолданылу мерзімі тоқтатылғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде қолданылады.

4. Қаржы жағдайы

4.1. Тараптардың әрқайсысы дербес қаржылық және бухгалтерлік есеп жүргізеді.
4.2. Бірлескен бағдарламаларды іске асыру үшін Тараптар басқа ұйымдарды, сондай -ақ жекелеген оқытушылар мен мамандарды тарта алады.
4.3. Осы Келісімді орындаудан туындайтын техникалық, коммерциялық және ұйымдастырушылық сипаттағы мәселелерді, сондай-ақ қаржыландыру тәртібін Тараптар жеке шаруашылық келісім-шарттар жасау арқылы келіседі.

5. Басқа жағдайлар

5.1. Бұл Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қол қойылған күннен бастап _____ жыл ішінде жарамды.
5.2. Осы Келісім келесі жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін:
5.2.1. Өзара ерікті түрде осы Келісімнің мерзімінен бұрын бұзылуы кезінде.
5.2.2. Тараптардың кез келгені бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар ете отырып, бір жақты соттан тыс тәртіппен, бірақ осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастықты тоқтатудың болжамды мерзіміне дейін бір айдан кешіктірмей, осы Келісімді мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Осы Келісімді бұзу 2.7 және 4.1-тармақтарға сәйкес Тараптар арасында жасалған жекелеген шаруашылық келісім-шарттардың қолданылуы үшін ешқандай салдарларға әкеп соқтырмайды.
5.3. Осы Келісімнің шарттары өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін және олар жазбаша түрде жасалған, уәкілетті өкілдер қол қойған және Тараптардың мөрімен расталған жағдайда жарамды болып табылады.
5.4. Осы Келісімді орындауға байланысты туындауы мүмкін барлық ықтимал даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Осы Келісім тараптардың әрқайсысына бір-бірден екі данада жасалды және қол қойылды. Екі үлгі де бірдей.

6. Тараптардың мекен-жайлары мен мәліметтері:

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ

Заңды мекен-жайы:
050013, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Сәтбаев к., 22
БСН 150140008602
ЖСК KZ628560000006968618
«Банк Центр Кредит» АҚ
БСК КСJBKZKX

Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор

_____ **Р.Ускенбаева**

Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарламаның нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі және аты-жөні, қолы, лауазымы